

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№315

2018 жылғы 15 тамыз

Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы облыс әкімі Б.М.Сапарбаевтың есебі туралы

Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы облыс әкімі Б.М.Сапарбаевтың есебін тыңдап және талқылап, облыс әкімінің аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдап жатқандығын облыстық мәслихат атап өтеді.

«Әкімдердің мәслихаттар алдында есеп беруін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 қаңтардағы №19 Жарлығына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы облыс әкімі Б.М.Сапарбаевтың есебі бекітілсін.

2. Облыс әкіміне келесідей бағыттар:

- 1) өнеркәсіп өнімдерін өндіруді арттыруды қамтамасыз ету;
- 2) Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған Бағдарламасымен және «Бизнестің жол картасы-2020» Бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасымен қарастырылған іс-шараларды іске асыру;
- 3) агроөнеркәсіп кешенін дамыту;
- 4) өңірге инвестицияларды тарту;
- 5) шағын және орта бизнесті дамытуды жан-жақты қолдау;
- 6) инфрақұрылымдық жаңарту;
- 7) әлеуметтік-маңызды тауарларға бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу;
- 8) мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту;
- 9) бюджетке түсімнің төмендеуіне жол бермеу;
- 10) әлеуметтік салада мемлекеттік қызметтің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру ұсынылсын.

3. Ақтөбе қаласы және аудандардың әкімдеріне, облыстық басқармалардың басшыларымен және басқа да мүдделі органдармен бірге, облыстың экономикасы мен әлеуметтік саласын одан әрі дамыту, тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту бойынша қажетті шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ғ. ЛАТЫПОВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА